

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Қуралай» балабақшасы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11 - 10.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні Урустимова Динара

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін	"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюдi үйрету; ойыншықтарды	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері.	"Күтушіге төсек салуға көмектесу". Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; үлкендерге қолдарынан клген	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды

басқалар)	кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу.	тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю.	көмектерін жасауға тәрбиелеу; жұмысқа ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойындары. "Көліктерді топтастыр". Мақсат-міндеттері. Көліктерді бір-	Дидактикалық ойын. «Домино». Мақсат-міндеттері. Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті табу және дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: суреттері сәйкес	Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар". Мақсат-міндеттері. Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Балалардың сөздігін	Дидактикалық ойын. «Көліктер». Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту) "Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі,	Үстел үсті ойыны. «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін табу және орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу. (танымдық дағдылар) Жапсырудан ойын-жаттығу

	бірінен ажыратып, атауларын атай білуді үйрету; Керекті құралдар: көліктер. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	келетін карточкаларды бір қатарға тізіп қою, кім карточкаларын бәрінен бұрын жиып қояса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6см карточкалар. (танымдық дағдылар) Сурет салудан ойын-жаттығу "Жүк мәшинесі". Мақсат-міндеттері. Балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу	кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. (шығармашылық дағдылар, сөйлеуді дамыту) «Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар. (сөйлеуді дамыту)	"Жүк көлігі". Мақсат-міндеттері. Балаларға жүк көлігінің үлгілерін қағаз бетіне орналастырып жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын. "Көлік жүк тасымалдауда". Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді түсі мен көлеміне қарай ажырату біліктерін дамыту. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)
--	---	---	---	---	--

		техникасына үйрету.			
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, дене тік, доп оң қолдарында. 1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады. 3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, дене тік, доп оң қолдарында 1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу. 2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында. 1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату. 4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу. 1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу, 3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Таңғы ас	Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты төкпей-шашпай жеу (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денеңе көп күш жина.				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көлік түрлерімен таныстыру. Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерінің таңбалауыштарын таңдатып, сол бойынша 4 топқа бөліп, әр топпен ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Суда жүзетін көлік түрлері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Әуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Көлік түрлері" тақырыбын пысықтау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Пингвин сияқты секіру". Мақсат-міндеттері. Құм салынған қапты басына қойып, текшелерден аттап өту және құм салынған қапты екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты екі аяқпен бірге секіру дағдысын үйрету.	Қазақ тілі "Көліктер. Қала мен ауыл. Көп - аз". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" және "көп" мөлшер ұғымдарын, "жылдам - баяу" сын	Дене шынықтыру "Сан түрлі секіре аламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуді үйрету.	Музыка "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды пысықтау.	Дене шынықтыру "Ойын шартын ұстанайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету.

		сипат белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық туралы түсініктерін дамыту. Музыка "Күз желі". Балалардың әуенге деген ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; оқу қызметін пысықтау.			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.	Автобустарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жеңіл көлікті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жүк автокөлігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Ересек балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

	Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атап айтуға ынталандыру; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру. "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус) Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету. Жұмбақтар. Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус) Табаныңда жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай) Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін	Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине) Жұмбақ. Резеңке аяқты жануармын, Барлық жолдарды кезіп өтемін, Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине) Қимылды ойын. «Оқтау тартыс».	Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын.
--	---	---	--	--	--

	Құралдары: жүк мәшинесі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине және тағы басқа. Балаларға суреттер көрсетіледі: - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен білдірейік. Жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі топқа бөлініп ойнауға болады. Еңбек әрекеті: алаңды тастардан тазалау. (құрастыру,	Сигнал бойынша (жүргізуші ойыншыға қолмын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шенберді айналып жүгіреді) босаған орынға жылдам отыруды үйрету. "Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алдыға қарай секіруді үйренеді. Еңбек: күркедегі жолды қардан	итермеу, ойын ережесін сақтау. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тындауды үйрету, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт!	Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету. "Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту. Еңбек: әткеншектерді қардан тазалау. Балаларды күрекпен жұмыс істеуді үйрету (қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің	Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру) Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру. Еңбек: сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу.
--	--	---	--	---	---

	дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. тастарды арнайы жерге немесе ыдысқа жиналады. Кейін тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады. "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер	тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау». Қарды жиып, күрекпен нығыздап, одан қажетті пішінді жасауды үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.	Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасқан күйде жылдам тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. Еңбек: берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар. «Секіргішпен ойна». Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы	маңыздылығын түсіндіру. Өз бетімен ойындар: әткеншек тебу. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеу үшін балалардың шағын топтарға бірігуін қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелері мен нормаларын орындауды үйрету.	Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.
--	---	---	--	---	--

	кұрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін ойнайтын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Сызықты баспа"		жағдай жасау.		
--	---	--	---------------	--	--

	қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға				
--	---	--	--	--	--

	саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.				
Серуеннен оралу					
Түскі ас	Балаларға ауызды жауып, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Бойыңа көп жина күш.				
Түскі ұйқы	«Құмырсқа қанағаты» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. "Алтын сақа" ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Аудио тыңдайды. Ж.Байырбекованың «Әлди, әлди» әні (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары. «Қайдан келдің бауырсақ?» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Бесін ас	Дастарқандағы асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес	Қоршаған ортамен	Санамақ.	Сөйлеуді	Көркем әдебиеттен	Қоршаған ортамен

әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	танысудан ойын-жаттығу "Асқабақ тиелген трактор". Мақсат-міндеттері. Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы атауы көлік болатыны туралы түсініктерін кеңейту. "Көліктердің орнын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктердің қозғалыс ортасы жөніндегі білімдерін пысықтау. Көліктерді топтастыру дағдыларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту) Ұлттық ойын. "Аударыспақ" «Аударыспақ» — өте	Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бір дегенім - білім Екі дегенім - елім. Үш дегенім - үміт, Төрт дегенім - түлік. Бес дегенім - берік, Алты дегенім - арық. Жеті дегенім - желім, Сегіз дегенім - сенім, Тоғыз дегенім - той, Он дегенім -ой, Онға дейін санап қой! (сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын	дамытудан ойын-жаттығу "Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ж], [ш] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақ шумақтарындағы оқиғаларды сипаттаудағы ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру. "Автобус" қимылды ойын. Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісінің рөлінде болады.	ойын-жаттығу "Көлік жүргізуші". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сөзбен сипаттап айтуды үйрету. Дидактикалық ойын. "Қандай көлік екенін тап". Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін топтастыруды және атауын атауды дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Математика	танысудан ойын-жаттығу "Көліктер". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызметіне қарай салыстыруды үйрету. "Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: балаларға қиылған түрлі-түсті алманың суреттері беріледі. Балалар өздері таңдаған бір алманы құрастырып шығады. (танымдық
---	---	--	--	--	--

	көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір- біріне қарама-қарсы отырып қол	мамандар жайлы білімдерін кеңейту және бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа). келісім. Педагог құрылысқа қатысатын мамандар жайлы балалармен алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас	Қалған балалар жолаушылар болады. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі, баяу қозғалады. Содан кейін жылдам және одан да жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады. (дене шынықтыру) Дамытушылық ойын. "Тыныс алуды реттеу". Мақсат-міндеттері. Балаларды сан ырғағына сәйкес тыныс алуға жаттықтыру; балардың жүргенде дұрыс тыныстауын бекіту.	негіздерінен ойын-жаттығу "Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру. Ұлттық ойыны. "Теңге ілу" Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге	дағдылар) Вариативті компонент. Математика негіздері «Таныс пішіндер доминосы» Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.
--	--	---	---	--	---

	ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады. (дене шынықтыру)	қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар	Барысы. Педагог санау бойынша үйретіп өткізеді. Кейін жиі немесе сирек тыныс алу жаттығуларын (терең тыныстау) ұйымдастыруға болады. Тапсырманы орындау барысында белгілі сөздер мен өлеңдерді, әндерді айтқызып жаттықтыруға болады. (дербес әрекет, дене шынықтыру)	салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. (дене шынықтыру)	
--	---	--	--	---	--

		арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының ақылдасуы; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. (сөйлеуді дамыту)			
Балалармен жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгіме. Мақсат-міндеттері. Сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. "Затты сипаттамасынан таны". Мақсат-міндеттер: зейінін, ойлау қабілетін, жылдамдығын	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесінен таны». Мақсат-міндеттері. Суреттегі көлік түрлерін көлеңкесінен танып,	Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық". Мақсат-міндеттері. Қиял, талдау дағдыларын дамыту. Ойын материалы және көрнекі	Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата». Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту.

		дамытады. (сөйлеуді дамыту)	сызық арқылы қосуды ұсынады. (сөйлеуді дамыту)	құралдар: қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған жеуге болатын кез келген (жеуге болмайтын) зат. Сипаттама: ішіндегі затты қолмен сипап сезу арқылы табу. (сөйлеуді дамыту)	Ойын ережесі: бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау; - көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Көліктерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Автобустарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Жеңіл көлікті бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Жүк автокөлігін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Ересек балаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді

	дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) айтқызу; түсін, бір-бірінен айырмашылықтарын табуға машықтандыру. "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке,	дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейту және тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікте өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус.) Қимылды ойын.	дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл мәшиненің айырмашылықтарын атап көрсету. Жұмбақтар. Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус.) Табаныңда жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай.) Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып	дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуды үйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине) Жұмбақ. Резеңке аяқты жануармын, Барлық жолдарды кезіп өтемін, Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине)	дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да.
--	--	---	---	---	--

	ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине тағы басқа. Балаларға суреттер көрсетіледі: - Балалар, суретке қарайық. Балалар, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды екі топтарға бөлініп ойнауға болады. Еңбек әрекеті: алаңды тастардан	«Бос орын». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша (жүргізуші ойыншыға қолын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шенберді айналып жүгіреді) босатылған орынға тез отыруды үйрету. "Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді	(обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тындай білуге, мықтылыққа, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші: Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық,	Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарда бірігіп, келісе әрекет етуге (белгі бойынша арқанды және қарама-қарсы топтың балаларын өзіне тарту) үйрету. "Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту. Еңбек: әткеншектерді қардан тазалау. Балаларды күрекпен жұмыс істеуге үйрету	Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру) Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру. Еңбек: сырғанау жолын әзірлеу.
--	--	--	---	---	--

	тазалау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. Тастар арнайы жерге немесе ыдысқа жиналады. Сол тастарды бояп, қызықты құрылымдар жасауға болады. "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды.	үйренеді. Еңбек: күркедегі жолды қардан тазалау. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау». Қарды жиып, оларды күрекпен нығыздап, қажетті пішін құрауды үйрету. Бірігіп ойнауға тәрбиелеу.	Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, орындарынан жылдам тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. Еңбек: берілген жеке тапсырманы мұқият орындауды үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастары тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: «Секіргішпен ойна». Ұялшақ және өзіне сенімсіз балалардың өзгелермен бірлесіп	(қарды шанаға тиеп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру. Өз бетімен ойналатын ойындар: әткеншек тебу. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс ітеу үшін балалардың шағын топтар құруын қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелерін орындауды үйрету.	Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.
--	--	--	---	---	---

	Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерінен кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталып қалғаннан кейін, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар шеңбер құрып тұра қалады. Ойын қайта басталады. "Сызықты баспа" қимылды		ойнауларына қолайлы жағдай жасау.		
--	--	--	--	--	--

	жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою керек. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде				
--	--	--	--	--	--

	қосылуға тәрбиелеу.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін ожинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ойыншықтар туралы әндерді тыңдау. Аспаптармен таныстыру. (музыка) Театраландырылған қойылым. "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Танымал ертегі мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ойлау, эмоционалды, ым-ишарамен түсінісу қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жадықтар. Киім-кешектер, "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің бетперделері. Барысы. Педагог балаларға "Үйшік" ертегісін мазмұндап береді. Балалар өз қалаулары бойынша ертегі кейіпкерлерін ойнайтын балаларды таңдап алады, кейіпкерлер сәйкес өз костюмдерін киіп, тиісті орындарына барады. Басында автор сөздерін педагог өзі айтады, ал кейінгі бөлімдерде автор рөліне балалардың бірін ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге қай бала, қай кейіпкердің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс балалар көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мақтауларға ие болады. Қойылым соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетіне қысқаша талдау жасайды. (көркем әдебиет) Өнер бұрышында көлік түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Көлікке жол салу, гараж құрастыру. (құрастыру)				

	Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жол жүру ережелері», «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыптарында әңгімелесу.	"Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға сауалнама жүргізу.	Ата-аналарға кеңес беру. "Ішек ауруларының алдын алу».	"Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	«Баланың үйдегі және балабақшадағы тәртібі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу.

Тексерген Конопьянова А.К.

Кәсіп